


5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

26-сабақ


Тақырып: Фигураларды кесу

Сынып жұмысы


1. 3×3 шаршыны торкөздердің қабырғалары бойымен кесіп, екі бірдей фигура алуға бола ма? Егер мүмкін болса, неше әдіс бар?
2. 4×4 шаршыны торкөздердің қабырғалары бойымен кесіп, екі бірдей фигура алуға бола ма? Егер мүмкін болса, неше әдіс бар?
3. Сызбадағы фигураны бірдей 4 бөлікке бөлудің неше әдісі бар?




4. Сызбадағы фигураны бірдей 4 бөлікке бөлудің неше әдісі бар?




5. Сызбадағы торкөз бетті, әр бөлігінде бір жұлдызша болатындай тең екі бөлікке кесіңіз



6. Сызбадағы торкөз фигураны, әр бөлігінде бір жұлдызша болатындай тең 4 бөлікке кесіңіз



7. 2×8 тіктөртбұрышты шаршы құралатындай етіп бірдей екі бөлікке бөлуге бола ма?
8. 4×8 тіктөртбұрышты шаршы құралатындай етіп бірдей екі бөлікке бөлуге бола ма?
9. 16×9 тіктөртбұрышты шаршы құралатындай етіп бірдей екі бөлікке бөлуге бола ма?
10. Бір-бірлерімен жанасқан 5 торкөзден тұратын фигураларды пентамино деп атайды. Неше түрлі пентамино бар. Бұрылғандары жаңа фигура болып есептелмейді
11. Сызбада 12×10 төртбұрышқа 12 түрлі пентамино орналастырып шығылған. Тағы да 12 түрлі пентамино орналастырыңыз



12. 6×6 шаршының оң жақ жоғарғы және сол жақ төменгі тор көзі кесіп алынған. Осы фигураны 1×2 тіктөртбұрыштарға бөліп шығуға бола ма?
13. 10×10 шаршыны «г» тәріздес 4 торкөзден тұратын бөліктерге бөліп шығуға бола ма?